



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 27/27
7 қаңтар



www.nstagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



УВАЖАЕМЫЕ

ПРАВОСЛАВНЫЕ ХРИСТИАНЕ!

Сердечно поздравляю вас с Великим христианским праздником – Рождеством Христовым! Это один из главных и радостных праздников в христианском календаре. Православные всего мира связывают Рождество с началом новой жизни, укреплением веры и надеждами. Праздник наполняет души каждого верующего чувством милосердия, терпения и добра. В эти светлые дни люди с особой теплотой желают друг другу благополучия и семейного счастья.

В Казахстане в мире и согласии живут представители разных национальностей и вероисповеданий. В нашей стране Рождество олицетворяет гармонию, доброту и взаимопонимание. Пусть праздник Рождества Христова принесет в каждый дом тепло, радость и взаимопонимание!

Аким города Приозерск
Сатаев С.К.

ҰЙЫМДАСТЫРУ

ЖҰМЫСТАРЫ — ЖҮЙЕЛІ

Өткен жылдың наурызында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының ролін, атап айтқанда, Сенатты қалыптастыру тәртібі мен функцияларын қайта қарауды ұсынған болатын. Яғни, аталған органдағы президенттік квота 15-тен 10 депутатқа дейін қысқарады. Конституция бойынша әр облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және Астанадан екі депутаттан сайланады. Биылғы Сенат депутаттарының сайлауына облыстан алты адамның кандидатурасы ұсынылып, үшеуі тіркелді. Қазір сайлауға дайындық күнтізбелік жоспарға сәйкес жүргізілуде. Облыстық сайлау комиссиясы да әзірше өтініштер мен шағымдардың түспегенін айтып отыр.

Қарағанды облысында Сенат депутаттығына өзін-өзі ұсыну арқылы алты кандидат ұсынылды. Ал, біреуін облыстың екі мәслихаты ұсынғанын айту керек. Барлығы Конституция мен «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңның талаптарына сәйкес. Алайда, төртеуі депутаттыққа кандидаттарды тіркеу үшін көзделген құжаттардың толық тізбесін ұсынған жоқ. Осылайша, барлығы үш үміткер тіркелді. Олар – Мұрат Әбілов, Серік Өтешов, Татьяна Шатохина, – дейді Қайрат Нұркенов.

Қарағанды облысынан Сенат депутаттығына үміткерлердің орташа жасы – 58-де. Олардың біреуінің мамандығы заңгер болса, екеуі – экономист. Бір үміткердің екі мамандығы бар екенін де айтады облыстық сайлау комиссиясының төрағасы. «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес, кандидаттарды тіркеу туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында және орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында жарияланып отырады. Сенат де-

путаттарын барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары сайлайды. Қарағанды облысында сайлаушылар саны – 204 болса, оның 26-сы – облыстық, 94-і – қалалық, ал, 84-і – аудандық мәслихат депутаттары. Облыстық сайлау комиссиясы ҚР Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау кезінде учаскелік сайлау комиссиясының ролін атқарады. Бүгінде сайлаушылардың тізімі нақтыланған. Қажетті құжаттар реттеліп, дауыс беру залы дайындалуда. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы Жарлығымен Сенат депутаттарының кезекті сайлауы тағайындалғаны белгілі. Осылайша, 2023 жылғы 14 қаңтарда республиканың 20 өңірінде еліміздің заң шығарушы органының жоғарғы палатасына бір-бір депутаттан сайланады. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл. Сенат депутаты 30 жасқа толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Астананың аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұратын адам болуы тиіс. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған азаматтарды сайлауға және сайлануға құқығы жоқ. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам, сондай-ақ, заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жазау кінәсі бар деп сот мойындаған адам кандидат бола алмайтынын айту керек. – Сенат депутаттығына кандидатты барлық деңгейдегі мәслихаттардағы сайлаушылардың жалпы санының кемінде он пайызы қолдауы тиіс, – дейді Қайрат Нұркенов.

Ortalyq.kz

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ОНОМАСТИКА: ӘЛЕМДІК ТҮЙТКІЛ

Қазақ елінің көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ономастика жүйесі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап түбегейлі өзгерістерге ұшырады және патша үкіметінің отаршылдық мүдделеріне, кейіннен кеңес жүйесінің тоталитарлық саясатына қызмет етуге мәжбүр болды. Отаршылдық пен тоталитарлық режимдердің идеологтары ономастиканы қоғамның тарихи-мәдени санасына әсер етудің саяси құралына айналдырды. Нәтижесінде қазақ ономастикасының өзіндік болмысына, ұлттық ерекшелігіне, әсіресе оның топонимикалық және антропонимикалық жүйелеріне орасан зиян келтірілді. Қазақстан картасы едәуір бұрмалауларға ұшырады. Әсіресе, Ресейдің бес облысымен шекаралас Батыс өңірінің атаулары жаппай орыстанып, ежелгі ұлттық бастауымыздан ажырап қалғандай күй кешкен едік. Бірақ, бақытымыз бар екен, тәуелсіздік таңы атып, соның арқасында жоғалтып ала жаздаған ұлттық құндылықтарымызды ақырындап қайтара бастадық. 1991-жылы 16-желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен, тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтің саликалы саясаты арқасында ұлттық ономастика әлемдік кеңістікке белсене араласа бастады.



Қала, көше, алаң, нысан аттарын қою, ауыстыру – мемлекеттік идеология болса, сол ұлттық ономастика саясатын халық арасында насихаттау, мемлекеттік тұжырымдама, осы салаға қатысты басқа да заңдық құжаттарды түсіндіру атқарушы және өкілетті органдардың, тиісті мекемелердің және қоғамдық ұйымдар мен БАҚ-тың басты міндеті. Ономастика – ғылыми-талдамалық және тарихи негіздерге сүйенетін сала. Бұл мәселеге қазіргі таңда қызмет етіп отырған Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту мемлекеттік мекемесі бейжай қарамайды. Соның арқасында өзіміз тұрып жатқан Приозерск қаламызда көптеген көше және нысандар жаңа атауларға ие болғаны мәлім. Бұл ізгі шара әлі жалғасын тауып келеді.

Өңірімізде «ономастика» туралы танымдық-анықтамалық кітаптардың болмауын пайдаланған жікшіл топтар ел арасында іріткі туғызуда, яғни байырғы халықтың ар-намысына

тиюде. Көше және елді-мекендердің өзгертілуіне наразылығын білдірген тіркелмеген аты бар да заты жоқ партиялар «бұл өткен тарихымыз, оны ауыстырудың жөні жоқ» деп өз тарихын дұрыс білмейтін тұрғындарды алдап, қолдарын қойғыздырып мемлекеттік саясатына қарсы шаралар жасап жүр. Ең алдымен баса айтарымыз, Қазақстанның топонимдік кеңістігінде «ті», «ты» тарихи жұрнақтарымен келетін жүздеген жер-су атауларын мысалға келтіруге болады. Ұлттық ономастика, оның ішінде топонимикада «ті», «ты» көне жұрнақтары кезінде түркі және монғол тілдеріне ортақ болғандығы, сондай-ақ, олар арқылы жасалған бұл атаулардың қазақ жалпыхалықтық ономастиканың еншісіндегі, қазақ тілінің төл атаулары, тілдік фактілері ретінде қалыптасқандығы дау тудырмайтын, ғылыми тұрғыдан дәлелденген мәселе...» деп анықтама берген. Кейбіреулер айтқандай, жергілікті жерлердегі жер-су, елді-мекен атауларының барлығын өзгертіп барып жинақ кітабын шығару және облыс көлеміндегі өзгертілген географиялық атаулардың шығу тарихын бір кітапқа сыйғызу ақылға мүлде сыйымсыз.

Еліміздің орыстанып кеткен аймақтарын дағы тілдік ахуалдың қандай күйде екендігін айтқан депутаттар «Мұны шешудің қандай жолы бар?» деген сауалды министрдің өзіне қойды. Министр де мүдірген жоқ. «Жиын, басқосуға келген адамдардың 50 пайыздан астамы қолдаса, қала атын ауыстыруда қиындық болмайды» - деген министр мырзаның пікірі де түсінікті. Әлгідей жиындарда ескінің сарқыншағынан арыла алмай жүргендердің емес, елінің болашағына алаңдайтын, ортақ пікірдегі ұлтжанды азаматтардың дауысы табанды түрде естілсе, оң болар еді. Онсыз бұрынғы дағды қанына сіңіп кеткендер ескі атаудан құтылуға асығар емес. Егер атап айтатын болсам, Қостанай облысының Рудный қаласына барғанда қалада ұзындығы 200 метрдей ғана келетін бір ғана көшенің қазақшаланғанын көріп, жағамды ұстағам. Бұл мәселеге ең алдымен қаланың әкімі мән беруі, назар аударуы, содан кейін жергілікті тұрғындардың белсенділігі аса қажет. Үндемей жүре берсе, көше атаулары өздігінен өзгермейді. Біздің Приозерск қаламызда керісінше қаладағы дерлік барлық көшелер қазақланды. Еліміз түгіл қаламызға қатысты жоқ атаулардан құтылды. Қаламыздың ономастикалық комиссиясынан өзге өңірлер өнеге алуы тиіс деп ойлаймын.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

САЛТҚА ДА ЖАҢҒЫРУ ҚАЖЕТ



Атадан балаға жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан ізгі дәстүр, тамаша салттарымыздың бірі – ат тергеу. Қазақ халқында өзінен үлкен адамның атын тура атау – тәрбиесіздік болып есептелген. Жасы кіші ер-азаматтар үлкендерді «пәленшеке», «түгеншеке» деп атауының өзі арадағы құрметпен сыйластықтың нышаны емес пе?! Ал, қазақтың келіні өзі түскен шаңырақтың үлкен-кішісінің, яғни жолдасының туысқан-туғандарының аттарын тіке атамай құрметтеп, ізет көрсеткен. Бұл игі дәстүрді келіннің бетін ашқан жыршы жігіт сыпайы тілмен келінге ескертіп отырған. Тәрбиелі, ибалы келіндер үлкенін сыйлап, кішісін еркелетіп шақырған. Ата-енесі мен қайын-қайнағаларына ғана емес, тіпті өзінен бұрын түскен абысын-ажындарына және қайын-қайынсіңілеріне дейін жарасымды ат тауып қоя білген. Олар ат қойғанда үлкен адамдардың жасы мен жолына, туыстық жақындығына қарап, «атекем», «төраға», «үлкен аға», «кенже аға», «сыпайы аға», «бай атам», «би ағам» деп атай беретін. Өзімен тұрғылас, тетелес қайындарын кескін-келбеті мен мінез-құлпына сай жарасымды қалжыңмен «дәу қайным», «мырза жігіт», «кішкене», «ақ төрем», «мырзаға», «төре жігіт», «кенже бала», «сұңғағым», «жүйрігім» деп әзілдей шақырса, қайын сіңлілерін «еркем», «бикеш», «еркежан», «үкілім», «томпағым», «үлпілдегім», «шырайлым» «сырғалым», «арайлым», «шашбаулым», «кекілдім», «аққыз», деп еркелете атайтын болған. Осылардың қай-қайсысы да жүрекке жылы, құлаққа жағымды естілетін еді. Осындай ілтипатына қарай өзі де сый-құрметтен тыс қалмайтын.

Кейінгі жылдары қызметіне байланысты «доктор қайынаға», «әртис қайыным», «сәнқой абысын», «тентек», «ақын аға» деген сияқты атаулар да қалыптасты. Бір айта кетерлік жай – нағыз көргенді, инабат келіндер өзінің құшағында жатқан жан-жарының да есімін тура атамай «Түгенше жанның көкесі», «Отағасы», «Осы үйдегі кісі» деп әспеттеп, сыпайылап отырады.

Бұл ерлі-зайыптылардың сыйластығының бір үлгісі болса керек. Қазақ келіндері атқойғыштығымен қатар ат тергеуге де құмар болып келетінін байқаймыз. Алда-жалда ата-енесінің, тағы басқа үлкен адамдардың аты аталатын сөз кезіксе оны айтпай орағытып, өзге мағыналас сөздермен алмастырып (мысалы: козыны – қошақан, аманды – есен, жолды – соқпақ, Сүлейменді – су иесі, көрпені – жамылғы деген сияқты) атайды. Халық аузындағы қайны-қайнағаларының аты Өзенбай, Қамысбай, Қойлыбай, Қасқырбай, Қайрақбай, Пышақбай болып келетін келіншектің «Сарқыраманың арғы жағында, сылдыраманың бергі жағында, маңыраманы ұлыма жұлып-жұлып жеп жатыр. Білемені жанымаға жанып-жанып әкелсін» -дейтін ат тергегіштік аңызын бәріміз білеміз.

Бертінге дейін ауылдағы жеңгейлер де жаңағы айтқан келіндерден кем түсе қоймайтын. Әлге дейін де кей аймақтарда ондай келіндердің барына қуанамыз. Сол жеңгейлерімізге қайнағаларының аттарын айтқызығымыз келіп, қанша әуреленсек те, ісімізден ештеңе өнбейтін. Қулар құрған тұзағымызға түспей, балама есімдермен жауап беріп, орайын тауып құтылып кете беретін. Әсіресе сондай бір жеңгеймізге қайнағасы болып келетін әкеміздің атын айтқыза алмаушы едік. Ауылда Серіктер бірнешеу болғанымен, әрқайсысын өзінше атауға үйреніп алған. Біреуін «қисық», бірін «пасон», біреуін «тірәктіріші» деп жүргені. Қазіргі ежелер келіндерінің «қақпас», «мыстан» деп атамағанына мың да бір шүкіршілік айтып, «бабушка», «енешка» дегенін қанағат тұтатын болды. «Аликтің мамасы», «Ана үйдегі кемпошка», «Маратиктың бабулясы» деген немқұрайлы атауға да құлақтары үйреніп, еттері өліп бітті. Кәрінің ізін басудан, Алла ғұмыр берсе ақ жаулықты ана мен ақсақал атанудан ешкім де қаша алмас. Әлі де ауызды құр шөппен сүртуге болмас, осы қаланың өзінде ат тергеп, қайынға, қайыніні, абысын, қайынсіңілерінің есімдерін тура атамай, ат қойған келіндер бар болғанына шүкірлік етеміз. Осындай тәрбиелі келіндерден үлгі-өнеге алатын келіндер көбейе түссе, нұр үстіне нұр! Ендеше, ару келіндеріміздің құлағына алтын сырға. Ата-ене сыйлаудың, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің үлгісі болып есептелетін осы үрдісті қайта жаңғыртуымыз керек деп ойлаймыз хәм жақсы салтты жаңғыртуға үндейміз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
*Қазақстан жазушылар
Одағының мүшесі.*

ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ДИПЛОМАТЫ (КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ МҰРАТ ӘУЕЗОВТИҢ ТУҒАНЫНА 80 ЖЫЛ)



Биыл көрнекті қоғам қайраткері, мәдениеттанушы ғалым, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Мұрат Әуезовтің туылғанына 80 жыл толып отыр.

Осыған орай, қаламыздың орталық кітапханасында замандарды жалғастырған заңғар жазушының 80 жасқа толуына арналған, «Қазақтың алғашқы дипломаты» атты тақырыпта танымдық сағат өткізілді. Мақсаты: Мұрат Әуезовтің өмірі және шығармашылығымен таныстыру, оқырмандарды ұлылардың өмірінен үлгі алуға баулу, шығармашылық танымдарын толықтыру.

Айтулы іс-шараға мекеме қызметкерлері қатысты. Шара барысында жазушының өмірбаяны, еңбек жолдарымен таныстырылып, оқырмандар назарына кітап көрмесі ұсынылды.

Ата-анасының жолын қуып, қазақ халқына қызмет етуді өмірлік парызы көрген бүгінгі заманның белгілі тұлғасы Мұрат Әуезов – 1943 жылы қаңтар айының 1-жұлдызында Жамбыл облысы, Меркі кентінде дүниеге келген. Ол – мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Тарлан сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, ҚР Журналистика академиясының академигі, заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің баласы.



«Алтын асық», «Тарлан» сыйлығының лауреаты. «Времен связующая нить», «Иппокрен», «Уйти, чтобы вернуть» еңбектерінің авторы. Бірнеше жыл Қазақстанның Қытайдағы елшілігінде айтарлықтай жұмыс атқарды. Еліміздің ғылымын, көркем әдебиетін, кино өнері мен телевизиясын дамытуға елеулі үлес қосты. «Жас тұлпар» бейресми жастар қозғалысы мен «Не-

вада-Семей» қоғамдық қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі. Ұлы Жібек жолын зерттеу мен дамытуға қосқан үлесі үшін ЮНЕСКО-ның қола медалімен марапатталды. Бүгінде Мұхтар Әуезов атындағы қорды басқарады.

Айта кетсек, Мұрат Әуезов 1960 жылдары құрылған «Жас тұлпар» – ұлтшыл-дәстүршіл бағыттағы сұхбат-талқылау клубының қалаушыларының бірі. Аталған клуб Мәскеу қаласында оқып жүрген қазақ студенттер тарапынан қазақтың тілі мен салт-ғұрпын ұмытпай, ары қарай үйреніп меңгеруге бағытталу үшін құрылған еді.

Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолын кеңінен насихаттау үшін заманауи көзқарасқа сай жан-жақты зерттелген шығармаларға қажеттілік туындайды. Қазақ және түрік әдебиеттанушыларының бірігіп жүргізетін зерттеу жұмыстары бұл кемшіліктерді азайтып қана қоймай, Мұхтар Әуезов және оның әдеби шығармашылығының сапалы түрде аударылып, жариялануына септігі тиер еді. Осы тұрғыдан алғанда Мұрат Әуезовтің түрлі философиялық ой-пікірлері мен тұжырымдамалары бүгінгі таңда өзекті болып тұр.

Мұрат Әуезовтің жастарға айтқан ақылы: «Ұлтжандылық деген бұл – Ұлы сезім. Адамды ажарландырып, нұрландырып, жігерлендіріп жібереді. Қазақ халқының саны тым аз. Сондықтан біз ұлттың сапалы болуын ойлауымыз керек. Алаштың азаматтары «Сегіз қырлы, бір сырлы» болған. Сыры - осы ұлтжандылық. Олар нағыз қазақ бола білді. Біз қазақтығымызды жүрегімізбен сезінуге тиіспіз. Өйткені заман – қатал».

Иә,расында да асылдың сынығы ретінде ол кісінің әрбір сөзі мен ісі жас ұрпаққа үлгі болуы тиіс. Жазушының тілімен айтқанда, ол үшін нағыз білім болуы керек. Тек диплом алу үшін білім қуудың қажеті жоқ, білімнің ұшан-теңіз тереңіне бойлай білуіміз керек.

Бүгінгі таңда Мұрат – қоғам қайраткері, мәдениеттанушы-ғалым, қазақ тілі мен мұраларын зерттеген дипломат.

**Оқу бөлімінің кітапханашысы:
И.Н.Талханбаева**



ҰЛТТЫҚ АРХЕОЛОГИЯНЫҢ АТАСЫ

Белгілі әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, Ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы Әлкей Марғұлан бар ғұмырын ғылым жолына арнаған тұлға. Түгі жоқ тақыр жерден жаңа ғылымның іргетасын қалаған ерен еңбектің иесін достары жай ғана Әлке деп атайтын. Ал қазақ оны Әлкей деп таныды. Биыл ғалым туралы телесериал түсіріліп, оны Қазақстан ұлттық арнасы көрсете бастады.

Әлкей Марғұлан Алаш даласында аумалы-төкпелі заман орнап, қазақ ғылымына тұсау салынған кезеңде, 1904-жылы 11-мамырда Павлодар облысындағы Баянауыл өлкесінде дүниеге келген. Болашақ археологтың ата-анасы да осал адамдар болмаған. Олар білімді, Шығыс мәдениетімен таныс адамдар болған. Соның арқасында ата-анасы бала Әлкейдің өсуіне, оқып-білім алуына, рухани дамуына жәрдем берді. Археолог әйгілі Бөгенбай, Наурызбай, Қабанбай батырлармен бірге Абылай ханның ақ туы астында жоңғарлармен кескілескен ұрысқа қатысқан Олжабай батырдың тікелей ұрпағы. Ол өнерге жақын отбасында дүниеге келді. Сондықтан да Әлкей Марғұлан шығармашылық ортада тәрбиеленді. Жастайынан Шоқан Уәлиханов секілді эпостық жырларға қанығып өсті. Көптеген ақын-жыраулардың жыр-жырауларын оқыды. Олардың шығармаларына қызығып, сол кезден-ақ қисса-жырларды жазып алып жүрді.

Осылай, Әлкей кішкентайынан зерек болып өсті. Жасынан хат таныған қаршадай бала кезде сұраған жұртқа «Мұңлық-Зарлық», «Алпамыс», «Қобыланды» секілді дастандарды жатқа айтып беретін. Ал ұлының алғырлығын байқаған әке оған «Қазан» баспасынан шыққан кітаптарды, «Айқап» журналындағы мақалаларды оқып беретін. Кейін жанынан бір елі тастамай Жәшһүр Жүсіп Көпеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов секілді тау тұлғалардың тәрбиесінен өткізеді. Міне, сол кезеңде Әлкейдің ғалымдық, қайраткерлік қасиеттері қалыптасты. «Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Тынышбаевтың, Халел Досмұхамедовтың шәкірті болатын. Кәдімгідей Бекхожин екеуі олардың сабағын өткізетін. Әлихан Бөкейхановтың Мәскеудегі үйіне бару үшін екі-үш күн кітапханада дайындалып бір-ақ баратынмын», - дейді филология ғылымдарының докторы, жазушы Тұрсын Жұртбай Әлкей Марғұлан жайлы.

1921-жылы ол Семей педагогикалық техникумына оқуға түседі. Әлкей Семейде оқып жүргенде Әбіке Сәтпаевтың қызы Раушанмен танысады. Білімді, қазақты қанына сіңген қатерлі дерттен қайтсем құтқарам деп шарқ ұрған бойжеткенді Әлкей бірден ұнатады. Әлкей Марғұлан мен Раушан Сәтпаева өмір бойы ақ адал қалыптарынан танбай абыройлы ғұмыр кешті. Қиналған сәтінде жанына демеу болатын, керек кезінде ақылын айтып, ғылымның сүрлеуіне жол сілтейтін жандар Әлкей Марғұланның ғұмырында аз болмады. Оның үлкен ғалым болуына септескен тұлғалардың бірі Мұхтар Әуезов еді. Қазақ мандайына біткен қос

ғұламаның жәй таныстығы достыққа ұласып, ұлттық ғылымның дамуына бірге ат салысты. Екеуінің ең алғашқы кездесуінде Мұхтар Әлкейден Абайдың өлеңдерін, Мәшһүр Жүсіптің қолжазбаларын, «Көріғұлы» жырын жатқа айтып беруін өтінеді. Мұның өзі атақты қаламгердің жап-жас жігіттің ғылымға деген сүйіспеншілігін ауғаруынан болса керек. Әсіресе, 1922-25-жылдары Мұхтар мен Әлкей етене араласып, жиі келелі кеңес құратын. Тіпті, Әуезов 1925-жылы Әлкей Марғұланға өзімен бірге Ленинградқа барып жоғары білім алуға үгіттеп, ғалым болудың жолына түсуге шақырады. Ол кезде Ленинград өнер мен ғылымның шаһары еді. Білімге құштар жастар әйгілі профессор, академиктердің дәрістерін тыңдау үшін шартараптан осы қалаға жиылатын. Әлкей Марғұланның да салқар ғылымға қадамы осы қаладан басталды. Ол 1925-жылы Мұхтар Әуезовтың кеңесімен Ленинград университеті жанындағы шығыс институтының әдебиет бөліміне оқуға түседі. Қосымша өнер тарихи институтында оқып, Ленинград университетіндегі Азия құрлығы мен шығысты жетік білетін Бартольд, Олденбург, Мар, Студеннің лекцияларын тыңдайды. Ел Голлоцкийнің «Кіші қазан төңкерісі мен асыра сілтеуінен» есенгіреп жатқанда, Әлкей Мұхтар Әуезовпен бірге Ленинградта оқып жүрді. Қазақтың кара домалақ жігіттері оқи жүріп, қаладағы мәдениет, білім орындарына, бай кітапханаларға, көркем мұражайларға, архивтерге бас сұғып, білімнің ең бір тұнық бастауынан сусындады.

Алғашқы тарихи жазбаларды зерттеп, зерделеген Әлкей мұрағаттар мен кітапханалардың бай қорынан мольнан сусындатады. Алыстағы Ленинградта жүргенде-ақ ұлы даланың құпияға толы қойнауы оны өзіне тарта берді. Ленинград мұражайларының әсері өз алдына бөлек әңгіме. Ал Эрмитажға барған сайын Әлкей демін ішке тартып, ежелгі қышпақтардың материалдық мәдениетінен хабар беретін жәдігерлерге ұзақ қарайтын. Мұндай да халық дастандары мен әндері есіне түсетін. Ал Ленинградта оқыған жылдары Әлкей әдебиетке ерекше ден қояды. Атап айтқанда, орыстың және шетелдің ең озық әдеби шығармаларын аударып, қазақ оқырмандарына ұсынды.



Әлкей Марғұлан Ленинградта оқып жүрген кезде қазақтың халық әндерін жинаушы Александр Затаевичпен танысады. Демалыс кезінде Затаевичпен бірге туған өлкеге келіп, халық әндерін жазып алумен айналысады. Асперантурада оқып жүріп, бірқатар археологиялық экспедицияларға қатысады. Қазақтың салт-дәстүрі, музыкасы мен фольклоры, жер-су атаулары туралы мақалалары мерзімді басылымдарда

үзбей жарияланып тұрды. Қазақстанның аса көрнекті қайраткерлері туралы зерттеу мақалаларын да жазды. Ленинградтағы КСРО ғылым академиясының материалдық мәдениет тарихи институтына ғылыми қызметкер болып жұмысқа орналасады. Бұл үмітке толы аса бір бақытты кезең болатын. Әлкей Марғұлан орыстың танымал тарихшыларымен, археологтармен қоян-қолтық жұмыс істей жүріп, үлкен тәжірибе жинайды. Бірақ, 1934 жыл оның өмірінің астан-кестенін шығарады. Сталиндік қызыл қырғын басталған кезде Қазақстанның бір түкпірінен келген, болашағынан мол үміт күттіретін жас ғалымның өз ұлтының тарихына ерекше ден қоюы назардан тыс қалмады. Әйгілі Алашорда қайраткері Әлихан Бөкейхановпен таныстығы да сыныққа сылтау болды. Осылайша, Әлкей Марғұлан алдымен қамауға алынады. Сосын оны Петропавл бекінісінде оқшаулап ұстайды. Ақырында, жүйке аурулар ауруханасынан бір-ақ шығады. Ауруханадан әрең дегенде аман шыққан археолог туған елге жаны да, тәні де күйреп оралады.



Ол 40 жасында аса күрделі тақырып Едіге, Қозы Көрпеш, Қобыланды батыр жырлары негізінде қазақтардың аңыз-әфсанары мен фольклорынан докторлық диссертация қорғады. Осылайша, ол ауыз әдебиеті арқылы тараған осынау аса көрнекті шығармалардың жүздеген жылдар бұрынғы Алтын Орда, Қараханидтер дәуірімен тарихи байланысын аша білді. Әлкей Марғұлан Қазақстан тарихы мен қазақ халқына қатысты дәйектерін ашық айтатын болса, қуғын-сүргіннен құтыла алмасын жақсы түсінді. Болашақ ұрпаққа бос сөзден гөрі нақты іс маңызды екенін ұқты. Және сол жолда талмай еңбек етті. Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, еліміздің бүкіл материалдық құндылықтарын жарыққа шығарып, бабадан қалған асыл мұраны жаңғыртты. Археолог кейде экспедицияларда жарты жылдап жүретін. Көп ұзамай Әлкей Марғұланның бастамасымен қазақ даласының әр түкпіріне бірнеше археологиялық және этнографиялық экспедиция ұйымдастырылды. Ғалым керуен жолымен және көшпелі қазақтардың ізімен мыңдаған шақырымдар жол жүріп, ондаған археологиялық ескерткіштер тапты. Ол біздің эрамызға дейінгі екі мыңжылдықтың өзінде Қазақстан аумағында өте жоғары деңгейде дамыған өркениеттің болғанын тайға таңба басқандай дәлелдеп берді.

Оңтүстік Қазақстан өңірінен, Сырдария, Талас және Шу өзендерінің сағасынан ежелгі қалалық мәдениеттің іздерін тапқан да Әлкей Марғұлан болатын. Ол Отырар, Тараз, Сайрам, Сығанақ, Сарайшық қалаларында архе-

ологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба жұмыстарымен ғана айналысып қоймай, қазақтың жыр-дастандары мен аңыз-әфсаналарын жинады. Бұл зерттеулерінің нәтижесі 1950-жылы жарыққа шыққан «Ежелгі Қазақстандағы қалалар тарихы мен сәулет өнері» деп аталатын монографияда көрініс тапты. Ғылыми еңбекте алғаш рет ірі қалалық өркениет ошақтары жан-жақты суреттеліп, оларға қатысты терең талдау жасалды. Сонымен бірге, ғалым мұндай өркениет ошақтары Қазақстанның Солтүсігі мен Шығысында да болуы мүмкін деген болжам жасады. Осылай, Әлкей Марғұлан өзіне дейінгі зерттеушілердің қазақ даласында ешқандай өркениет болмаған деген жаңсақ пікірін жоққа шығарды.

Әлкей Марғұланның Беғазы-Дәндібай сынды ірі өркениет ошағын ашуы Қазақстан үшін ғана емес, басқа да бірқатар елдер үшін айрықша маңызды жаңалық. Оның жетекшілігімен 30 жылға жуық уақытқа созылған археологиялық қазба жұмыстары қола дәуірі мен ежелгі көшпелі тайпалар кезіндегі ескерткіштер табылды. Бұл зерттеулер номадизм және Қазақстандағы ежелгі қоныстардағы шаруашылық пен мәдениеттің даму процесіне қатысты бірқатар негізгі теорияларды қайта қарауға бастама болды. Осы зерттеулердің арқасында Андронов қоғамының арғы тегі сақтар мәдени қауымы екендігі жалпы көпшілік мойындаған ақиқатқа айналды. Бұл еңбек ғылыми қауымдастыққа түркі әлемінің адамзат өткеніндегі ежелгі орталық екенін және оның негізінде тау-кен ісі мен металлургия жатқанын дәлелдеді. Осы жұмыстарының негізінде бірнеше іргелі монографиялар жазылып, Қазақ КСР-нің тарихы атты бес томдық жарыққа шықты. Қола дәуіріндегі Беғазы-Дәндібай мәдениетінің табылуы тағы бір тарихи жаңалықтың ашылуына септігін тигізді. Ғұлама ғалым Сарыарқа жерінде сол ерте дәуірдің өзінде-ақ тау-кені ісі мен металлургия дамығанын айтып, осы өңірде мыс және қалайы кен орындарының жұмыс істегенін дәлелдеп берді.

Оның еңбектері бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Ол Қазақстан аумағында өмір сүрген халықтар қазақтар мен олардың ата-бабаларының кейінгі ұрпаққа қалдырған баға жетпес өркениетін, жолын айқындап берді. «Орталық Қазақстанда қай ауылға барсаң Марғұландар жүр. Қазақ елі оны сондай жақсы көруші еді. Мұғалжар, Орталық Қазақстан, Ұлытау аудандарында қарапайым адамдардың көбі ұлдарына Марғұлан деген есім берген. Бұл үлкен құрмет», - дейді филология ғылымдарының кандидаты Мұхтар Әуезов. Әлкей Марғұлан қасақана бұрмаланып келген тарихи шындықтың бетпердесін ашты. Ғалымның еңбектерінде бұрынғы қазақтардың арғы бабаларының яғни, көшпелі қазақтардың жері адамзат өркениетінің ежелгі орталығы ретінде сипатталды. Қазақ даласының сұлулығы мен ежелгі қалалардың кереметіне Марғұлан әрдайым бас иіп, үлкен ілтипатпен қарады. Әлкей Марғұлан тарихи шындықтың бетін ашып, сара жол салған ғалым.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы
тілшісі.

ЖРВИ ЖӘНЕ ТҰМАУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



ЖРВИ - ауа тамшыларымен берілетін ауыр жедел вирустық ауру, бұл оның әсіресе балалар ұжымдарында тез таралуына әкеледі. Барлық жастағы адамдар тұмау вирустарына сезімтал келеді. Бұл ауру өте жұқпалы және кейде эпидемия немесе пандемия сипатына ие болады. Тұмау вирусы асқинулардың тез дамуымен сипатталады, сондықтан алғашқы белгілердің пайда болуымен медициналық көмекке жүгіну маңызды. Тұмау - тұмау вирусымен пайда болатын, тығыз қарым-қатынаста болған кезде адамнан адамға тез таралатын тыныс алу жолдарының жіті инфекциялық ауруы. Тұмау кезінде инкубациялық кезең 1 күннен 4 күнге дейін ауытқиды (әдетте 2-3 күн).

Тұмау қалай таралады?

Тұмау вирустары негізінен жөтелген және түшкірген кезде ауа тамшы жолымен таралады. Бұл инфекция жұқтырған адам жөтелген немесе түшкірген кезде пайда болатын бөлінді тамшылары ауа бойынша беріледі және жанындағы адамдардың аузына немесе мұрнына түседі. Тұмау вирустарын сондай-ақ адам басқа адамның денесіндегі немесе қандай да бір заттағы осындай тамшы бөліндісіне қолын тигізіп, одан кейін қолын жумай қолымен аузын немесе мұрнын ұстаған кезде жұқтыруы мүмкін. Арнайы қадағалау адамның қолы күніне 300 рет мұрыннан немесе көзден бөлінетін бөлінділермен байланыста болатынын көрсетті.

ЖРВИ-дің және тұмаудың негізгі симптомдары қандай?

ЖРВИ кезінде ауру біртін-

деп және көп жағдайда шаршағыштықпен, мұрынның бітелуімен басталады, одан кейін ауру асқынған кезде құрғақ жөтел пайда болады. Тұмауға температураның күрт көтерілуі (жекелеген жағдайларда 40,5 градусқа дейін), жарыққа сезімталдығының жоғары болуы, бүкіл организмнің сырқырауы, сондай-ақ басының және бұлшықеттерінің ауыруы тән. Тұмаумен аурудың алғашқы тәулігінде Сіз мұрынның бітелуінен қорғанышта боласыз, бұл осы вирусқа ғана тән. Тұмаудың едәуір белсенді фазасы аурудың үшінші-бесінші күндерінде байқалады, ал түпкілікті сауығу 8-10 күндерде байқалады. Әсіресе вирусты аурулар тәуекел тобы деп аталатын кішкентай балаларда, жүкті әйелдерде және қарт адамдарда ауыр өтеді.

ЖРВИ және тұмаудың алдын алу жолдары:

- адамдар көп жиналатын жерлерде, әсіресе жабық үй-жайларда болу уақытын шектеу;

- мүмкін болса, түшкіру немесе жөтелу сияқты ауру белгілері бар адамдармен байланысты шектеу;

- «жөтел этикетін» сақтау, яғни алақанға жөтелмеу, ал жөтел кезінде ауыз бен мұрынды орамалмен, майлықпен жабу, қолды өз бетіне тигізбеу;

- қолды сабынмен жиі және

мұқият жуу;

- мұрынды тұзды ерітіндімен жуу;

- бөлмені жиі желдету;

- үй ішінде үнемі ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу;

- бөлмедегі ауаны ылғалдандырып, жалпы қолданыстағы заттарды (есік тұтқалары, крандар және т. б.) үнемі сұрту;

- құрамында С дәрумені бар тағамдарды мүмкіндігінше көп тұтыну (мүкжидек, итмұрын, теңіз шырғаны, қарақат, лимон және т. б.);

- дәрігердің ұсынысы бойынша иммунитетті жоғарылататын препараттар мен құралдарды қолдану қажет.

Приозерск қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

ЖҰҚПАЛЫ ЖӘНЕ ПАРАЗИТТІК АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ.



Жұқпалы аурулар – бүгінгі күнде ең қауіпті аурулардың бірі болып табылады. Аурудың ерекшелігі: олар адамнан адамға жұғу арқылы үлкен аумақтарға таралуы мүмкін. Сондықтан, бұл аурулардың алдын алу жолдары туралы айта кетейік. Жұқпалы аурулар дегеніміз – бұл ауруды тудыратын микроорганизмдердің кесірінен пайда болатын және жұқтырған адамнан (немесе жануардан) сау адамға берілетін ауру турлері. Аурудың қандай нәтижемен аяқталатыны адамның ағзасына, оның физиологиялық қасиеттеріне және иммундық жүйесінің күйіне байланысты. Салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар жұқпалы ауруларға бейімділігі төмен және олар тезірек жазылады.

1. Таралу жолдары ауамен тасылмалданатын аурулардың (тұмау, туберкулез, көкжөтел, дифтерия, қызылша және т.б.) алдын алу үшін бөлмені желдету, маска кию және адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болу.

2. Тамақ арқылы келетін дерттерді (ішек инфекциялары, сальмонеллез, дизентерия, вирустық гепатит А) болдырмау үшін жеке гигиена, қолды жуу, және бөлмеде шыбындардың, басқа тасымалдаушы жәндіктердің болмауы маңызды.

3. Жыныстық жолмен (вирустық гепатит В, С, ВИЧ/СПИД, жыныстық герпес, сифилис, гонорея, папилломатоз) жолымен келетін жұқпалы ауруларды алдын алудың

маңызды бөлігі мүшеқап қолдану, жеке гигиена сақтау, сақтанбай қатынаста болу болып табылады. Жұқпалы аурулардың алдын алу жолдарының ең басты ережесі жеке гигиенаны ұстану. Өнімдерді пісіретін алдында мұқият жуып отыру керек. Тамақтанудың алдында, дәреханадан шыққан соң және даладан келгеннен кейін міндетті түрде қолдарыңызды жуыңыз. Үй-жайды желдету, шанды сұрту, едендерді тазалау, басқа адамдардың киімін кимеу және жеке гигиена заттарын қолдану қажет. Дұрыс тамақтанып, иммунитетті көтеру. Вирустық жұқпалы ауруларды алдын алуды ерте балалық кезеңнен бастау керек, яғни ағзаның вирустық инфекцияларға қарсы тұру қабілетін арттыру керек. Егер отбасыңызда сырқаттанған адамыңыз болса, оны сау адамнан, баладан аулақ болатындай етіп оқшаулау керек. Бөлмеге үнемі ауа кіргізу, желдету, патогендік вирустардың санын азайтуға көмектеседі. Науқас жеке ыдыс-аяқты, сүлгіні және сабынды қолдануы қажет. Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз. Өзіңіздің және жақындарыңыздың денсаулығы өз қолыңызда!

Приозерск қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №27/27, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
«Қазпошта» бөлімшелерінде жазылу индексі: 66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.